



МРНТИ 18.45.09

А. Қ. Ахмет¹

¹Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

БҮГІНГІ ЖАС ДРАМАТУРГТЕР ШЫҒАРМАШЫ- ЛЫҒЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫП МӘСЕЛЕЛЕРІ

БҮГІНГІ ЖАС ДРАМАТУРГТЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫП МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада автор қазақ драматургиясының қалыптасуы мен даму белестерін саралай отырып, соңғы үш жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Драма.kz» фестивалі туралы қысқаша мағұлымат бере кеткен. Аталмыш шараның заманауи драматургияға әкелер пайдасын бағалай отырып, қазақ тіліндегі үш пьесаға талдау жасайды. Драмалық шығармалардың көркемдік деңгейі мен мазмұндық-идеялық сарыны анықталып, сол арқылы заманауи театр тенденциясындағы даму бағыты сараланды. Сонымен қатар, драмалық шығармалардың көтерген тақырыптарының маңыздылығы мен өзектілігі де айтылып отыр.

Түйін сөздер: пьеса, театр, заманауи тенденциялар, интерпретация, жас драматургтер, фестиваль, жана драма, драма.kz

Қазақ театр өнерінің кәсіби жолы өткен ғасырда бастау алған. Аяғын тәй-тәй басып, алғаш қадам басқан шағында драматургия мәселесін шығармашылық шама-шарқына орай шешіп, сахнаға айтыс өнерін шығарғанын тарихтан білеміз. Қазақ топырағындағы алғашқы драматургтер дегенде, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Б.Майлин есімдері аталады. Бұл авторлардың алғашқылары қазақтың жыр-дастанын сахнаға лайықтап, пьесаға айналдырып жатса, келесілері заманауи тақырыптарды көтерген. Аталмыш шығармаларда тартыс, әрекет және көрермен сұранысына сай болуы, біздің ойымызша басты талап болуы мүмкін. Жоғарыда аталған авторлардың пьесалары төл өнеріміздің жауһарларына айналғаны сөзсіз. М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Айман-Шолпан», Ғ.Мүсіреповтың «Қозы

Көрпеш-Баян Сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты» пьесаларын бүгінде режиссерлер сан түрлі интерпретацияда көрермен назарына ұсынып келеді. Бір режиссер дәстүрлі тәсілдермен қойса, екіншісі өзгеше формада шешім тауып жатады. Мұның барлығы заман талабынан туындап жатқан мәселелер. Дегенмен, қазақ драматургиясы әртүрлі даму сатыларын бастан кешірді. Бірінші дүниежүзілік соғыз кезінде жауынгерлер ерлігін, халық рухын асқақтататын тақырыптағы пьесалар сахна төріне шықты. Одан кейін Кеңес үкіметінің өмірдің жарқын тұстарын көрсету керек деген талабын орындап, авторлар өз шығармаларын ұсынды. Бұл тұста жазылған пьесаларда тартыс болмай, аталмыш саланың дамуына біраз нұқсан келтіргені анық. Айта берсе мұндай мәселелер толастамайды.

Ал, 90 жылдары қазақ сахнасына тарихи пьесалар мен еліміздің егемендігін жырлайтын шығармалар көптеп шыға бастады. Бұл еркін елдің тарихымен таныстырып, ұлы тұлғаларын халқымен қауыштырған шығармалар болды. Әкем театр сахнасына Абылай, Кенесары, Шыңғыс сияқты хандарымыз шығып халық қызыға көретін спектакльдеріне айнала білгені сөзімізге дәлел. Ә.Кекілбаев «Абылай хан», М.Байсеркенов «Абылай ханның ақырғы күндері», Иран – Ғайып «Шыңғыс хан», Ш.Құсайынов «Қазақтар», «Томирис» пьесалары өз тұғырына шығып, тұрақтап қалған шоқтығы биік шығармалар екені талас туғызбайды.

Соңғы жылдары театр мамандары заманауи тақырыпта жазылған пьесалардың керек екенін айтып жүргенін білеміз. Көптеген өнер ошақтары өз шама-шарқы келгенше бұл олқылықтың орнын толтыруға тырысып жатты. Облыстық театрлар жергілікті авторларға жазғызып жатса, Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларындағы театрлар әртүрлі байқаулар ұйымдастырып, қиындықтан шығудың жолдарын осылай шешті. Тіпті, республика көлемінде тәуелсіздікті жырлайтын пьесаларға байқау жарияланып, жеңіп шыққан пьеса М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасына қойылды. Бұл шығармалардың драматургия теориясымен салыстыра қарағанда, әлсіз екенін айтып та, жазып та жатқан театр сыншылары болды.

Бүгінгі таңда заманауи драматургияның жазылуын арттыру үшін «Драма.kz-2019» фестивалі үшінші рет тұрақты түрде өткізіліп келеді. 27-29 қазан аралығында өткен фестивальге он пьеса таңдалып алынған. Фестивальдің финалына өткен пьесалардың оқылымы Лермонтов атындағы орыс драма театрының кіші сахнасы мен «ARTиШок» театрының үлкен сахнасында өтеді. Бұл өткізіліп отырған үшінші фестиваль. Аталмыш шараның ұйымдастырушыларының бірі, әрі тұрақты жетекшісі белгілі Ресей драматургы О.Жанайдаров. Ол қазақстандық авторлар үшін шеберлік-класстарын да фестиваль аясында өткізіп отырады. Жалпы, байқауға келіп түскен пьесалар саны биыл 48-ге жетіп отыр. Алдыңғы жылы да осымен шамалас болған. 2017 жылы ұйымдастырылған алғашқы фестиваль лаборатория формасында болды. Алдын ала, өздерінің прозалық шығармаларын жіберіп, соның ішінен драматургияға талабы бар бірнеше авторлар таңдап алынды. Дайын пьесалар емес, фестивальге арнап жазылған дүниелер болды. Былтырғы екінші фестивальден бастап, формасын өзгертіп енді әрбір қалаған адам өзінің дайын пьесасын жолдайды. Тағы бір қуантатыны, «Драма.kz»-тен кейін бұл пьесалардың бірнешеуі Ресей өнер бәйгелеріне қатысқаны (*1 сурет*).



1 сурет. Театр сыншысы А. Мұқан мен фестивальдің көркемдік жетекшісі, драматург О. Жанайдаров

Осы фестиваль пайда болғалы бері пьеса жазуға қызығушылығы басым, шығармашылық дамуды қалайтын, өз жұмыстарын түрлі байқауларға жолдап отыратын драматургтер ортасы қалыптаса бастағаны қуантады. Бұл дегеніміз, авторларға өздерінің пьесаларын қаншалықты сұранысқа ие екенін көрсету және әрі қарай жазуға деген ынта-жігерін арттыру.

Тарихқа көз жүгіртсек, заманауи драматургия дамымай театр өнерінің алға қарай жылжуы мүмкін емес екенін көреміз. Жаңа заман талабына сай, бүгінгі күнмен үндес пьеса сахнаға қойылса, бірден театрдағы атмосфера өзгеріп шыға келеді. Театр мамандарының арасында да қызу талқылаулар өтіп, шығармашылық дикуссиялар орын алады.

Соңғы жылдары «Драма.кз» фестиваліне келіп түскен пьесаларға деген қызығушылық арта түскен. Бірінші лабораториялық фестивальде оқылымы болған пьесалар орыс тілінде жазылғандықтан, бірнешеуі қазақ тіліне аударылып, кішігірім театрлар сахнасына қойылды. Екінші фестивальден бастап, қазақ пьесалары да ұсынылып отыр. Бұл заманауи драматургияның ана тілімізде жазылуына, дамуына түрткі болды. Биылғы шорт-листке кірген пьесалардың жетеуі орысша, үшеуі қазақ тілінде. Пьесалармен танысып шыққаннан кейін, біздің байқағанымыз, тақырыптың, жанрдың, форманың көптүрлілігі болды. Олар, Х.Асановтың «Әулие ағаш», А.Маудановтың «Милион» және Ы.Шалғынбайдың «Қамал» пьесалары. Әр автор өз тақырыбын ашуда жан-жақты іздене отырып келгені пьесадан көрініп тұр.

Қазақ тіліндегі үш пьесаға өз пікірімді келтіріп кететін болсам, тақырыптары мен формасы қызық. Х.Асановтың «Әулие ағаш» пьесасы қарапайым ауыл тұрғындарының өмірін көрсетеді. Бас-аяғы бес қатысушыдан тұратын оқиғалар тізбегі өзінің ықшамдылығымен және бірізділігімен оқырманды баурап алады. Автордың алғашқы пьесаларымен салыстыра қарастыратын болсақ, көш ілгері дүние екенін көреміз.

Х.Асанов өзгеше форма, абсуртық тақырып іздемейді. Басты кейіпкерге өтірігіне қалай оңай сендірсе, шындығына сендіруі сондай қиын болды. Алғашында болмашы нәрседен туындаған мәселе күрделеніп, шиеленісіп, кейіпкерлерді тығырыққа тірейді. Басты кейіпкер Ғайыпбай әйелі мен әпкесінің ортасында жүріп, соңында не істерін білмей, сансыраған күйге түседі. Х.Асанов осы кейіпкері арқылы ауыл-аймақтарда күн кешіп жатқан көп қазақты көрсеткен. Бұл тақырып та, кейіпкерлер де қазақ театры мен көрермендеріне керек. Пьесаның соңында Ғайыпбай шығып кетеді, сахнада балта мен күрек қалды. Адам кеткеннен кейін оның орнын істері басады. Сол сияқты Ғайыпбайдың әули ағаштың киесін асқақтатқаны емес оның сол ағашты түбінен қопарып құлатқаны ғана қалған. Біз автордың осы жұмысынан қарапайым ауыл адамдарының өмірін көрсетіп ғана қоймай, олардың трагедиялық хал-күйін жеткізгісі келетінін айтқымыз келеді. Автордың айтуынша, ауылда замандас, класстас достарымен отырғанда айтылған әзілден туындаған пьеса екен. Жұмыссыз адамдар көп болғандықтан бос жүрген адам жаман дүниеге үйір болатыны сөзсіз. Алып мега полистен шалғайда жатқан елді мекендердегі шешімін таппай күн өткен сайын күрделеніп жатқан мәселелер шаш етектен. Х.Асановтың аталмыш шығармасының ғұмырлы болуға құқығы бар (2 сурет).



2 сурет. Х. Асановтың «Әулие ағаш» пьесанының оқылымы, 2019. Режиссер: К. Адылов

Келесі А.Маудановтың «Миллион» пьесасы. Гүл сатушы қыздың арманы мен мақсаты – тұрмысқа шығу. Жасы ұлғайған сайын, үміткерлер азайып, таңдау жасау мүмкіндігінен айрылған. Кім болса да, әйтеуір тұрмыс құрсам деген мақсаттың жетегіндегі бойжеткенге күтпеген жерден үміткерлер бірінен соң бірі келіп, ұсыныс жасай бастайды. Бұл пьеса басқаларымен салыстырғанда, сауатты жазылған. Дегенмен де, жігіттердің келуі механикалық схема сияқты. Алғашқы екеуін қабылдағанымен, келесілерінің келуі болжамды түрде күтіледі. Сондай-ақ, пьесаның қалай аяқталатыны ортасында түсінікті болып тұрды. Автордың ұтымды тұстарының

бірі кейіпкерлерін айналысатын кәсібімен атауы. Бұл арқылы оқиға мен тақырыпты ортақ етуге ұмтылған. Көптен кездесетін кәсіп түрлерін алу арқылы, қоғамның бейнесін аша түскен. Бұл пьеса арқылы бүгінде ұмыт болып бара жатқан романтика мәселесі көтерілген екен. Автордың бұл шығарманы жазудағы басты мақсаты, тіршіліктің ағымына түсіп кеткен адам жанындағы жақынының аулауды ұмыт қалдырғандығын көрсету болған. Жұмыс, ақша деген қоғамға махаббат жетпейді екен пікірге сүйене отырып жазылған пьесаның өмір сүруге құқығы бар.

Үшінші соңғы пьеса. Ы.Шалғынбайдың «Қамалы» болды. Шығарма бір пердеден тұрады. Оқиғасы абсурд жанрына жақындатылған. Шекара қызметінде екі Кеңес деген адам жапан далада бір қамалға қамалып қалған. Олар бір әңгімеден екіншісіне өтіп, қамалдан шығудың жолын қарастыра бастайды. Алғашында екі солдат деп ойлаған біздер оның бір адам екеніне көз жеткіземіз. Жоғарыда айтып өткендей абсурд жанрында болғандықтан, бұл Кеңестің болмысының екіге жарылғаны деп те қабылдауға болады. Өмірдің қымқуыт тірлігіне түскен адамның күнделікті өмірі осы қамалда қалған сияқты. Бір ағысқа түсіп алып, ағып кетіп барамыз. Осындай формасының өзгешелігімен пьесаны құнды деп айта аламыз. Ы.Шалғынбай Қытайдан келген келген қандасымыз болғандықтан, ол өзінің атажұртқа алғаш келгендегі психологиялық хал-күйінен туған пьеса екенін айтып кетті. Сондай-ақ, Тәуелсіз қазақ елінің алғашқы жылдардағы өмірінің көрінісімен салыстыруға болады (3 сурет).



3 сурет. Ы.Шалғынбайдың «Қамал» пьесасының оқылымы, 2019.

Режиссер: А. Оспанбаева

Жас драматургтер тақырып таңдауда еркін екенін көреміз. Олар театр сахнасында ненің керектігін ескере отырып, көрерменге берері мол болуын көздеген екен. Авторлар қарапайымдылықты ұстана отырып, бүгінгі күннің актуалды мәселелерін көтереді.

А. К. Ахмет

*Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова
(Алматы, Казахстан)*

ПРОБЛЕМЫ ТЕМЫ В ТВОРЧЕСТВЕ МОЛОДЫХ ДРАМАТУРГОВ

Аннотация

Автор ревью, анализируя динамику становления и развития казахской драмы, делает краткий обзор фестиваля «Драма.kz», который проводится в течение последних трех лет. Оценивая пользу данного мероприятия для современной драмы, делает анализ пьес на казахском языке. Определены художественные уровни и содержательно-идейные мотивы драматических произведений, тем самым проанализированы направления развития современных театральных тенденций. Автор раскрывает актуальность и важность тем, затронутых в драматических произведениях.

Ключевые слова: пьеса, театр, современные тенденции, интерпретация, молодые драматурги, фестиваль, новая драма, драма.kz

A. K. Ahmet

T.K. Zhurgenov Kazakh national academy of arts (Almaty, Kazakhstan)

PROBLEMS THEMES IN THE WORK OF YOUNG PLAYWRIGHTS

Abstract

The author analyses the dynamics of formation and development of Kazakh drama, and makes a brief survey of the festival «Drama.kz», which has been held for three years so far. He defined the artistic levels and content-ideological motives of dramatic works, thus analyzing the directions of development of modern theatrical tendencies. In the review also analyses plays in Kazakh language having in mind the value of the festival. He discloses the relevance and importance of the topics in dramatic works.

Key words: play, theater, modern trends, interpretation, young playwrights, festival, new drama, драма.kz

Автор туралы мәлімет:

Ахмет Айжан — Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

e-mail: aizhan_ahmet@mail.ru

Сведения об авторе:

Ахмет Айжан — старший преподаватель кафедры «История и теория театрального искусства» Казахской национальной академии искусств им. Т. Жургенова (Алматы, Казахстан).

e-mail: aizhan_ahmet@mail.ru

Author's bio:

Ahmet Aizhan — senior Lecturer, Department of History and Theory of Theatrical Art at the T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan.

e-mail: aizhan_ahmet@mail.ru